

К.Байсейітова атындағы тірек мектебі (ресурстық орталық) КММ
2023-2024 оқу жылындағы атқарылған тәрбие жұмыстарының ақпары

«БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫН» ІСКЕ АСЫРУ БОЙЫНША 2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН

ТӘРБИЕ ЖОСПАРЫ жасалынып бекітілді

ТӘРБИЕ ЖОСПАРЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

ҚҰРЫЛЫМЫ

1. *Тәрбие жұмысының мақсаты мен міндеттері*
2. *Құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие бағдарламасын іске асыру шеңберіндегі жобалар:*
3. 2023-2024 оқу жылына арналған Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына 2 қосымша, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы №382 бұйрығымен, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2021 жылы 16 қыркүйектегі №472 бұйрығына 2-қосымшасына құрылған тәрбие жұмысының жылдық жұмыс жоспары
4. 2023-2024 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жылдық **циклограммасы**
5. Мектептегі тәрбие саласы бойынша апталық **циклограммасы**

НЕГІЗІ

1. *I. Тәрбиені нормативтік құқықтық қамтамасыз ету*
2. *II. Ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету*
3. *III. Іске асыру тетіктері: тәрбиенің басым бағыттары бойынша іс-шаралар*

Тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезіндегі басым бағыт – балаға қамқорлық пен құрмет көрсету, сенім арту, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітуге жол бермеу болып табылады.

2023-2024 оқу жылында мектептердің ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылы негізінде тәрбие міндеттерін іске асыруда **«Ата-аналар академиясын»** құру, сондай-ақ **«Тоғыз ай – 9 іс-шара»**, **«4 тоқсан – 4 өнер»** жобалары шеңберінде іс-шаралар өткізу, мерейтойлық күндерге арналған сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыру маңызды аспектілер болып табылады.

2023-2024 оқу жылы білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысы келесідей негізгі құндылықтарды басшылыққа алады:

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы»

- ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады.
- жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

- ✓ Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- ✓ Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- ✓ Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- ✓ Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- ✓ Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- ✓ Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- ✓ Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- ✓ Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- ✓ Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- ✓ Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- ✓ Елінің тарихын құрметтейді
- ✓ Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді

Ұсыным

- ✓ Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы:

- ✓ Академиялық адалдық қағидатын қолдау;
- ✓ Адал еңбекті құрметтеу;
- ✓ Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- ✓ Халқына адал қызмет ету;
- ✓ Әдеп нормаларын ұстану;

- ✓ Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- ✓ Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- ✓ Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

- ✓ Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- ✓ Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- ✓ Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- ✓ Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- ✓ Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы:

- ✓ Сыни және креативті ойлау;
- ✓ Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- ✓ Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- ✓ Физикалық белсенді болу;
- ✓ Салауатты өмір салтын ұстану;
- ✓ Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- ✓ Дұрыс қарым-қатынас орнату білу;
- ✓ Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- ✓ Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- ✓ Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- ✓ Қоршаған орта тазалығын сақтайды;

Ұсыным

- ✓ Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- ✓ Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

6-10 жастағы бала тәрбиесі

Ұсынылады:

- ❖ тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болуы;
- ❖ қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;
- ❖ халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дереккөзі ретінде қолдану;
- ❖ бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдебі мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудың

құралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолдану;

- ❖ ұлттық ойындарды («Асық ату» өткізу, Хан талапай, Арқан тартыс, Алтыбақан, Айгөлек, Белдесу, Саққұлақ, Тымпи, Тоғызқұмалақ т.б.) баланың физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде қолдану арқылы оның қолданыс аясын кеңейту;
- ❖ әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға қамқорлық және табиғатты қорғау аясында

жасалған қайырымдылық іс-шараларына тарту, оларды әлеуметтік желілерде насихаттау ұсынылады.

Жасөспірімнің тәрбиесі (11-15 жас)

Ұсынылады:

- ❖ тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда
- жасөспірімдік кезеңдегі балалардың психологиялық ерекшелігін, қызығушылығын назарға алып, цифрлық технологиялардың жетістіктерін ескеру;
- ❖ жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну;
 - ❖ оқылған шығарма кейіпкерлерінің бойындағы адами қасиеттері мен жағымсыз әдеттерін талқылауға бағытталған кейстік жағдаяттарды шешуді ұсыну;
 - ❖ еліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректермен танысу, театрға, музейлерге, мұрағаттарға, ұлттық парктер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлық технологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру;
 - ❖ ақын-жыраулар және ұлт зиялыларының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарымен, олардан мирас болып жеткен мұралармен таныстыру;
 - ❖ тарихи, деректі фильмдерді талдау;
 - ❖ білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насихаттау бойынша бастамаларына қолдау көрсету;
 - ❖ табиғатты қорғау, адамның әрекеттерінен туындайтын апаттардың алдын алу бойынша жобалар әзірлеу;
 - ❖ жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту;
 - ❖ «Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу, спортпен шұғылдану, табиғат аясында серуендеу т.б. шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

Жастар тәрбиесі (15-18 жас)

Ұсынылады:

- ❖ жастар тәрбиесі ел мен жер тұтастығын, ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;
- ❖ ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын өтеуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту;
- ❖ ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығы, тарихи төл шежіресін дәріптеуге айырықша мән бере отырып, халқымыздың ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын дәріптеу, ұлттың кодын сақтауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдық пен мемлекетшілдік сезімдерін арттыруға бағытталған шаралар ұйымдастыру;
- ❖ отбасы құндылықтарын дәріптеуге, отбасын құруға жауапкершілікті түсіндіруге бағытталған іс-шараларға тарту;
- ❖ адал еңбекті жоғары бағалауға, еңбек адамын құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарын дұрыс анықтауға қолдау көрсету ұсынылады.

Білім беру ұйымдары мен педагогтың міндеті:

- ❖ балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;

❖ білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға.

Сынып жетекшілердің міндеттері:

- ✓ салауатты өмір салтына ынталандыру;
- ✓ сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру;
- ✓ білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу;
- ✓ ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да заңды өкілдерге) арналған консультациялар);

Ұсыным

- ✓ білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзара әрекеттесу;
- ✓ аптасына бір рет (белгіленген күні) сынып сағаттарын өткізу.

Жоспардың орындалуын бақылау мен басшылық жасау білім ұйымдарының бірінші басшыларына жүктеледі.

Орындалған іс-шараларды әлеуметтік желілерде жариялау, #Біртұтас_тәрбие хештегін тегтеу

Тәрбиені нормативтік құқықтық қамтамасыз ету

- Қазақстан Республикасының Конституциясы
- «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/>;
- Бала құқықтары туралы Конвенцияны ратификациялау туралы. ҚР Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы қаулысы.
- Баланың құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл және жасөспірімдер арасында суицидтің көбеюі мәселелерін шешу жөніндегі 2020-2023 жылдарға арналған жол картасын бекіту туралы. ҚР Үкіметінің 2020 жылғы 30 наурыздағы №156 қаулысы
- «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV
- 2030 жылға дейінгі ҚР отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы
- «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы 2002 жылғы 8 тамыздағы №345
- «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңы 2009 жылғы 4 желтоқсандағы №214-IV
- «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» ҚР Заңы 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI
- «Білім туралы» ҚР Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері
- «Мәңгілік ел» идеясының жобасы
- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі №227 бұйрығы Тәрбиенің Тұжырымдамасы,
- Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы. ҚР Білім және ғылым

министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 29 тамызда № 15584 болып тіркелді

- «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
- Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан республикасының заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-в қрз.
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 44 (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 15 ақпанда № 13070 болып тіркелді. («Мемлекеттік білім беру ұйымдары кітапханаларының қорын қалыптастыру, пайдалану және сақтау қағидаларын бекіту туралы»)
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің террористік тұрғыдан осал объектілері мен білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулығының» 6-тарауы).
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200027414>

Мектебіміз Құндылықтарға негізделген білім беру моделі бойынша

Қыркүйек айы – «Сүйіспеншілік айы»

Қазан айы- «Кішіпейілділік айы»

Қараша айы – «Патриотизм айы»

Желтоқсан айы - «Құрмет айы»

Қаңтар айы – «Ынтымақтастық айы»

Ақпан айы – «Еңбек пен шығармашылық айы»

Наурыз айы – «Ашықтық айы»

Сәуір айы – «Өмір бойы білім алу»

Мамыр айы- «Адалдық айы» тақырптарында тәрбие жұмыстары жүргізілуде.Тәрбие жұмысына қажетті нормативтік-құқықтық құжаттар мен әдістемелік және ақпараттық мәліметтер жинақталған.Тәрбие жұмысының негізгі мақсаты: рухани-адамгершілік қасиеттері мен патриоттық сезімдерін қалыптастыру, қоғамда өздерін көрсете алатын және өз еліне пайдалы бола алатын тұлға қалыптастыру болып табылады.

Мектепте 20 сыныпқа сынып жетекшілер және 2 даярлық тобына тәрбиешілер жетекшілік жасап, жоспарын құрып, жұмыс жүргізуде. Әр сынып жетекшілерінің тәрбие жұмыстары папкаға жинақталған.Тәрбие сағаттарының талдамалары, сынып жетекші журналы, ата-аналар жиналысының хаттамалары, демалыс шаралары, тәрбие мониторингі арқылы жүзеге асырылуда. Сыныптан тыс уақыттағы тәрбие үрдісі қоғамдық негізде құрылған оқушылар, құқықтық, спорт, ұлдар мен қыздар,ата-аналар кеңестері арқылы жүзеге асады. Жетекшілер тағайындалып, жұмыс жоспарлары құрылып,бекітілген.

Оқушылармен тәрбие жұмыстарын жүргізуде әр түрлі әдіс-тәсілдер қолданылады.Мысалы: тренинг,сұхбат,дебат,пікірталас,зияткерлік,танымдық т.б.тәрбиенің мақсаттары мен міндеттері жалпы мектеп жұмыстарының нәтижесінде жүзеге асырылады.Әрбір оқушының шығармашылығын дамытуда, мектептің оқу-тәрбие үрдісіне қызығушылығын арттыруға мектептегі қалыптасқан дәстүрлі шаралардың маңызы зор.

2023-2024 оқу жылында келесі жобалар іске асырылады. «Мектептің өзін-өзі басқару», «Дебат» қозғалысы, «Оқуға құштар мектеп», «Отбасы мектеп», «Музей сабақтары», «Жеткіншектің жеті жарғысы». «Еңбегі адал жас өрен», «Мектеп лигасы» жобалары.

10- тамыз Абай күнін атап өтуге байланысты іс- шара жасалынып , әлеуметтік желіге жүктелінді.

10 тамыз- Абай күні. Мереке 3 жыл бұрын мемлекеттік мерекелер күнтізбесінде жарияланды. (ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 689 қаулысының толықтырылуымен)

Абай ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы, ұлттың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихынды өшпес із қалдырды. Ұлт ұстазының ұлағаты ешқашан маңызын да, құндылығын да жоғалтпайтын өнеге, өшпес өсиет . «Күләш Байсейітова атындағы тірек мектебі (ресурстық орталық) КММ-де даталы күнге байланысты іс- шара жоспары жасалынды.

Шара барасында:

* Абай Құнанбайұлы өмірі, шығармашылығы, ұрпақтары жайында танымдық бейнежазба жарияланып таратылды

<https://www.instagram.com/reel/CvplioVI0Y5/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

* 1-4 сынып оқушылар арасында онлайн форматта Абай өлеңдерінің мазмұны бойынша жас суретшілер байқауын ұйымдастырылды. Байқауға 1 б сыныбынан Ағыбай Әділет (сынып жетекшісі Ғабдуллина Б.М.) :

<https://www.instagram.com/p/CvkeylSIBB8/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

4 а сыныбынан Орынтай Медина (сынып жетекшісі Айтбаева Н. Ж.)

<https://www.instagram.com/p/CvplynYoGJw/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

* Оқушылар, мектеп ұстаздары арасында әлеуметтік желілерде Абай шығармашылығын жатқа оқу бойынша **«Абайды оқы таңырқа»** атты челендж ұйымдастырылды.

Челленджге 5 а сынып оқушысы Бекет Заңғар Абайдың « Күз» өлеңін жатқа оқыса,

<https://www.instagram.com/reel/CvkczyeII00/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

5 а сынып оқушысы Ермекқызы Аруназ Абайдың « Тотықұс түсті керемет» өлеңін жатқа оқыды, <https://www.instagram.com/reel/CvuSWSVIhde/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

10 сынып оқушылары Қабдолла Гүлім Абайдың бірінші қара сөзін, Бегілікова Ақгүлім отыз бірінші қара сөзін жатқа оқыды

<https://www.instagram.com/p/CvppEeUIKQB/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

* (8 -11 сынып оқушылар арасында онлайн)**«Абай және ұлттық тіл »** тақырыбында үздік эссе, үздік шығарма байқауы ұйымдастырылып өткізілді. Байқауға 8 оқушы қатысты. Байқау қорытындысы бойынша

3 орынды 9 сынып оқушысы Зияда Ақниет;

2 орынды 10 сынып оқушысы Қайыржан Алина:

1 орынды 10 сынып оқушысы Несіпбек Лаула иеленді.

* Мектеп кітапханасында **«10 тамыз- Абай күні»** тақырыбында Абай шығармаларынан кітап көрмесі ұйымдастырылуда

<https://www.instagram.com/p/Cv6iteBIwi5/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

Мектебімізде 1-сыныпқа қабылданатын бүлдіршіндерге арналған оқу курсы 14 тамыз- 25 тамыз аралығында өтті. Балалар қалам ұстаудың алғашқы қадамдарын жасады.

<https://www.instagram.com/p/Cv9zh69ovbz/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

<https://www.instagram.com/p/Cv7vNPIIuW5/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

<https://www.instagram.com/p/CwMRQXdIAH4/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

*Ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық саяси дамуына елеулі үлес қосқаны үшін аудан әкімінің АЛҒЫС ХАТЫМЕН мектеп мұғалімдері Амангелді Ержан , Мұқашбек Алтынай, Саятбек Гүлзат марапатталды
<https://www.instagram.com/p/CwDnIl9oq8-/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

* 2023 жылдың 28 тамыз күні мектеп директорының тәрбие жөніндегі оранбасары А.С. Ахметжанова « Біртұтас тәрбие бағдарламасы: құндылықтар және оны іске асыру жоспары» тақырыбында сынып жетекші, тәлімгерлермен семинар өткізді. Семинардың мақсат, міндеттері таныстырылып, Ұлттық мүде. Ар- ұят . Талап ұлттық құндылықтар индикаторларына жеке тоқтала келе күтілетін нәтижемен , биылғы оқу жылында ұсынылатын Мемлекеттік жобалар туралы, сынып сағат және сыныптан тыс іс- шара жоспар үлгілері бойынша топта талқыланды Семинар барысында сынып жетекшілер өз пікірлерін білдірді.

<https://www.instagram.com/p/CwfRaJsIL-3/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

*Астана қаласында өткен "Жас ұстаз табысқа апарар жол" тақырыбындағы форумға мектебімізден Аңсаған Дауренбекұлы мен Саламат Еркебұланұлы қатысып өз іс тәжірибесімен бөлісіп келді.

<https://www.instagram.com/p/Cwg7EvQIFer/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

* «Мектепке жол» акциясы барысында Аудандық мешітте "Ақжол" демократиялық партиясы мен Облыстық діни басқармасы"Зекет" қайырымдылық қоры мектебіміздің 18 оқушысына демеушілік көмек жасады

<https://www.instagram.com/p/Cwg-kQXoewg/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

*29 тамыз күні мектебімізде педагогикалық кеңес өтті. Күн тәртібінде:
-2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хаттағы өзгерістерімен оқыту процесін ұйымдастыру ерекшеліктерімен таныстыру,өзгерістерді ескеру (Амралина К.А.)
- Білім алушыларды қорытынды аттестаттау нәтижелері,ағымдағы оқу жылындағы ҰБТ қорытындылары.(Амралина Қ,А)
- Педагогтердің оқу жүктемесін,мектеп тарифын,сабақ кестесін,оқушылар контингентін,сынып- комплектісін бекіту,сынып жетекшілерін тағайындау туралы(Амралина Қ.А)
- 2023-2024 оқу жылына типтік оқу жоспарын таңдау.Жаңа оқу жылына арналған оқу-тәрбие жұмыстарының жоспарын, оқу жұмыс жоспарын бекіту (Балқыбекова А.М)
- 2023-2024 оқу жылында аттестациядан өтетін және марапаттауға ұсынылатын мұғалімдер тізімін бекіту (Балқыбекова А.М)
- Инклюзивті,арнайы білім беруді қамтамасыз ету үшін білім алушылардың үлгерімі және психологиялық- педагогикалық даму ерекшеліктері ескеріліп,оқу-тәрбие және түзету-дамыту жұмыстарын ұйымдастыруға ұсынымдар. (Балқыбекова А.М) мәселелері қаралып ,талқыланылды.

<https://www.instagram.com/p/CwkkdlgoQvx/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

* 2023-2024 оқу жылының алғашқы Білім күніне байланысты іс шара жоспары жасалынып бекітілді.

Алғашқы қоңырау салтанатты жиыны «Әділетті Қазақстан: сапалы білім, адал ұрпақ, табысты ұлт» тақырыбында өтті. Салтанатты жиынды Мектебіміздің информатика пән мұғалімі Қабыхан А. Д, мен Тәлімгер Мұқашбек А. жүргізді.

Жиын барысында 1 сыныптың алғаш табалдырығын аттап отырған бүлдіршіндерді сынып жетекшілері Саденова Бақытжан Разиқызы және Жарылғап Нұргүл Асхатқызы ортаға шақырылды. Оқушыларға Қазақстан Республикасының Әрұранын орындауға дайын бол! Командасы беріліп Мемлекеттік Әнұран ойнатылды. Жиын барысында

жүргізушілер 2023-2024 оқу жылы Ұлы жүздің биі Төле би Әлібекұлының туанына 360 жыл !

Ақын жазушы, философ, тарихшы, композитор болған Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл!

Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарқын жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл болып

тарихи атаулы күндер қатарына енгендігін атап өтті. Алғаш құттықтау сөз мектебіміздің директоры Амралина Құралай Айткенқызына берілді. Әлемдік өркениетке бет алған бүгінгі қазақ елінің болашағы білім мен тәрбие алауын жаққан мектеппен тікелей байланысты. Бүгінгі күні мектебіміздің контингенті бойынша даярлық сыныбында 47 тәрбиеленуші, 1 сыныпқа 34 оқушы, 1-11 сыныптарда жалпы 345 оқушы білім алғалы отыр.

Мектебіміз ауылдық жерлердегі тірек мектептерін әдістемелік қолдау жобасы бойынша Назарбаев Зияткерлік мектебінің тәжірибесін тарату негізінде жұмыс атқаруда, жиын барысында « Назарбаев зияткерлік мектептері « ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдары педагогтерінің республикалық тамыз кеңесі аясында өткізілген пәндік секциялар жұмысына белсенді қатысып үздік тәжірибемен бөліскені үшін мектебіміздің бастауыш сынып мұғалімі Бегетаева Әлия Төлеуғазықызын және Digital matematika оқыту жүйесін енгізу бойынша ұшқышқа белсенді қатысқаны үшін мектебіміздің математика пән мұғалімі Саттыбаева Гүлжанат Халықтілеуовна Алғыс хатпен марапатталды. Биылғы ҰБТ оқушылары жоғары нәтиже көрсеткен Нукешова Жібек Талғатовна, Қасымова Гаухар Қуандықовна, Шакирбаева Назым Тасболатовна, Хамитова Раушан Мараловна, Мадешова Камария Советовнаға ерекше алғыс білдірді. Бүгінгі мерекенің басты қонақтары алғашқы табалдырықты аттағалы отырған бүлдіршіндер тақпағы мен әніне ұласты. Мектеп ұстаздары ата-аналарға, жас бүлдіршіндерге арналып мектеп оқушылары Айтыкен Ханшайым, Қанатова Каусар, Қадыр Каусардың орындауында Алғашқы Ұстазым әні орындалды. 2023-2024 жылдың алғашқы қоңырауын соғу рәсімі Асылмұрат Ахмедияр мен Аманолла Каусарға берілді. Жиын соңында 11 сынып оқушылары 1 сынып оқушыларын сыныптарына жетектеп алып өтті.

Барлық сыныптарда « Мектебім- мейірім мекені» тақырыбында сынып сағаттары жалғасыты.

Өткізілген шара бойынша белгіленген хештектермен әлеуметтік желіге жүктелді.

<https://www.instagram.com/p/CwpTBaIeFa/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

<https://www.instagram.com/reel/CwpZ-HXIQVW/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

*Мектеп мұғалімдері Бегетаева Әлия Төлеуғазықызы Саттыбаева Гүлжанат Халықтілеуовна

Сіздерді "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығының және Digital matematika оқыту жүйесін енгізу бойынша алған марапатталды

https://www.instagram.com/p/Cwfpfr_o5eB/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==

* 2-4 сынып оқушыларының "Жазғы каникулдан жарқын естелік", "Менің жазғы демалыстағы көңілді сәттерім" тақырыптарында дайындаған бейнероликтері жарияланды

<https://www.instagram.com/p/CwpwZDyoA7B/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

* 5-8 сынып оқушыларының "Менің саяхатым", "Менің туған өлкем", "Жазғы демалыста мен жасаған игі іс" тақырыптарындағы бейнероликтері жарияланды

<https://www.instagram.com/p/Cwp6LQhIheR/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

04.09 күні

*"Қазақстан халқы тілдері күніне" орай сынып сағаттары өткізілді.

https://www.instagram.com/p/Cw4_seBInWY/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==

*05.09. күні 3-11 сыныптарда жалпы облыстық сауаттылық күніне арналған диктант жұмыстары жүргізілді.

Мақсаты: Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту арқылы қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру, мемлекеттік тіл мәртебесін нығайту.

<https://www.instagram.com/p/CwzVOAFo17B/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

* 1-6 қыркүйек аралығында "Күләш Байсейітова атындағы тірек мектебі (ресурстық орталық)" КММ

Сыбайлас мекемесі КММ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттағы тақырыпта, жемқорлыққа " мүлдем төзбеушілік" көз қарасты қалыптастыру бойынша " Адалдық сағаты" өтті. Білім алушылар арасында " Жемқор шенеуніктің қызы» атты бейнеролик көрсетілді. Атқарылған іс шараға 98 оқушы

<https://www.instagram.com/p/Cw2F6KsoDdh/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

*Тілдер күніне арналған онкүндік жоспар барысында, мектебімізде 7 сынып оқушыларымен және сынып жетекшісі Сатмағанбетова Ж.А ұйымдастыруымен Оқушылардың ойлау, танымдық, шығармашылық қабілеттерін, бірлесе әрекет ету іс-қимылдарын, тілдерді үйренуге деген қызығушылығы, ұйымшылдыққа, тапсырмалардың шешімін оңай және жылдам шешуге, топта жұмыс жасауға, өзіндік пікір қалыптастыруға жетелеу мақсатында "Ұшқыр ой мен шешен тіл" квест ойыны өтті.

<https://www.instagram.com/p/CxAy6o7oK7v/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

*Ұйымдастырушы педагог А. Досккеваның жетекшілігімен Ана тілге деген құрмет пен сүйіспеншілік, сондай-ақ, өзге ұлттардың мәдениеті мен дәстүрін танып, білу мақсатында *"Мемлекеттік тіл-менің тілім" тақырыбында құттықтау репортажы ұйымдастырылды.

<https://www.instagram.com/reel/Cx3cdIvM5/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

* Тілдер мерекесіне орай 3 аб сыныптарында (Сынып жетекшілері: Бегетаева А.Т., Еденова А.Н.)"Тіл-халықтың жаны " тақырыбында сайыс ұйымдастырылып өтті.

Сайыс шарттары:1) Командалардың өзін таныстыруы;

2) «Өлеңмен өріп ойымды» ,тілге байланысты мемлекеттік тілде өлең оқу;

3) «Алғыр болсаң озып көр» ,берілген бір сөзден бірнеше сөз құрау;

4) «Өнер алды қызыл тіл»»,тілге , сөз өнеріне,білімге,Отанға, еңбекке,халыққа байланысты мақал –мәтелдер жарысы;

5) «Білімді мыңды жығар» сұрақтарға жылдам,нақты жауап беру;

6)«Сөз байлығың өз байлығың»таблодағы суретке қарап мәтін құрау;

7)« Құлақтан кіріп бойды алар, тәтті ән мен тәтті күй» ән шумақтарының жалғасын тауып, орындау;

Сайыс соңында белсенділік пен ұшқырлық көрсеткен команда марапатталды.

https://www.instagram.com/p/Cw4D_Rpom1W/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==

*Қазақстан халықтары тілдері мерекесіне орай «Күләш Байсейітова атындағы тірек мектебі (РО)» КММ 10А сынып оқушылары журналист, ҚР Жазушылар одағының мүшесі, «Ақтоғай ажары» газетінің жауапты хатшысы Қабыл Думан Амангелдіұлымен «Маманға 100 сұрақ» айдарымен кездесу өткізді.

Бұл шараның мақсаты: ана тілін сүйуге, қастерлеуге, құрметтеуге баулу, өз Отанының патриоты болуға ұмтылдыру, өз ана тілімен қоса өзге тілді құрметтеуге тәрбиелеу.

- «Толғауы тоқсан қызыл тіл, сөйлеймін десең өзің біл» деп ұлы Абай айтқандай әр сөздің өз қиысыны мен қиюның тұрақты орны бар. Оны бір адам өзгерте алмайды, өйткені ол халықтың бүкіл ғасырлар бойы жасаған асыл қазынасы. Қай ұлтты, халықты алсақ та,

бәрінің де өзіне лайық тілі бар. Халық өзінің тілін ең ардақты нәрсе деп санайды, сүйеді. Ана тілін сүймеген адам, қырғыз ақыны Сарноғаев айтқандай, халқын сүйіп те жарытпайды. Ана тілін қадірлемеген халықтың болашағы жоқ. Себебі ана тілінсіз ұлт мәдениеті, ұлт әдебиеті жоқ. Шараны ұйымдастырған сынып жетекшісі Сарсенбекова Гульмира Мұғиынқызы.

<https://www.instagram.com/p/Cw4W9oyISHt/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

* Бала денсаулығын, оның дене және ақыл-ой дамуын анықтайтын бағыттардың бірі өскелең ұрпақты сапалы тамақтандыруды ұйымдастыру болып табылады. Дұрыс ұйымдастырылған тамақтандыру оқушылардың денсаулығын сақтауға көмектесетіні сөзсіз. Осыған орай мектебімізде оқушылардың тамақтануын ұйымдастыруда қажетті жағдайлар жасалынған. Оқушыларды тамақтандыру белгіленген кестеге және күнделікті тағамдар мәзірге сәйкес жүргізіледі.

<https://www.instagram.com/p/Cw5SZQdIucq/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

*Қазақстан халықтары тілдері мерекесіне орай “Мұзтаудың мұзбалағы” жазушы Оралхан Бөкейдің 80 жылдық мерейтойына арналған кітапқұмарлар фестивалі өткізілді.

Мақсаты: Кітапты насихаттау, кітап пен оқуға деген қызығушылықты қолдау, оқушының интеллектуалды әлеуеті мен мәдени құндылықтарын арттыру, жазушылар шығармаларын оқуға тарту, оқушылардың кітап оқуға, көркем әдебиетке деген құштарлығын ояту
Тілдер күні мерекесіне орай мектебімізде 5 "А,Б" сынып оқушылары арасында "Ұлттық спорт ойындарынан" жарыс өткізілді.

Мақсаты: Қазақтың ұлттық ойындары асық ату, қол күрес, тақия тастамақ ойындары арқылы балаларға қазақтың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпын, туған елге, жерге, өз Отанына деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру.

Сынып жетекшілері: Кәрібаева А.Т , Шарипова А.А

<https://www.instagram.com/p/CxHgFy2omyu/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

*Қазақстан халқы тілдері күні мерекесіне орай "Тілге құрмет-елге құрмет!" Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығы бойынша оқушылар арасында челлендж ұйымдастырылды. Сынып жетекшілері Ахметжанова А.С, Шакирбаева Н

<https://www.instagram.com/p/CxLKG5KILYF/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

*Мектебімізде тілдер күні мерекесі аясында "Тілім менің ғасырларға аманат" тақырыбында оқушылар поэзиясы ұйымдастырылды. Сынып жетекшісі Ермекова П

https://www.instagram.com/p/CxLMGPTI_0H/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==

*Мектебімізде тілдер күні мерекесі аясында 2 "АБ" сынып оқушыларына сынып жетекшілері: Габдуллина Бакытжан , Саятбек Гүлзат және дене шынықтыру мұғалімі Нұржанов Марат ұйымдастыруымен "Ұлттық спорт ойындарынан" жарыс өткізілді.

Жарыс мақсаты: Балалардың денсаулығын шынықтыра отырып, қимыл әрекеттерін жетілдіру. Ұлттық, тұрмыс, салт - дәстүрі туралы әсерлерін толықтыру. Ұрпақтан - ұрпаққа жалғастыру мақсатында қазақ халқының тіршілік әрекетіне байланысты ұлттық ойындарды ойнауға үйрету. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру, ептілікке, шапшаңдыққа, төзімділікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

<https://www.instagram.com/p/CxDHefPoBG6/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

*“Күләш Байсейітова атындағы тірек мектебі (РО)” КММ мұғалімдері Б.Ынтықбаева және А. Бражанова ұйымдастыруымен “Мамандық таңдау маңызды іс” тақырыбында тренинг өтті.

Мақсаты: мамандық таңдауда оң шешім қабылдауға үйрету, мамандық құндылығы туралы түсініктерді кеңейту. Оқушылар қызығушылықпен, белсенді қатысты. Мамандық таңдауға

әсер ететін факторлармен танысты. Сауалнамаға жауап берді. Мамандық таңдау - адам өміріндегі ең жауапты кезең екендігін қорытындылады.

<https://www.instagram.com/p/CxGBGpXoAEx/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

* 2023 жылдың 8 қыркүйекте білім беру ұйымдарында Республикалық “Дене сергіту” челленджі 1-4: 5-8; 9-11 сынып оқушылары арасында өтті.

Челлендж мақсаты: балалардың салауатты өмір салтын насихаттау.

<https://www.instagram.com/p/Cw7ZxjIDgC/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

5-8 сыныптар

https://www.instagram.com/p/Cw7bkSEIb_y/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==

9-11 сыныптар

<https://www.instagram.com/p/Cw7chn8o3bb/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

*Отбасы күніне орай 2-4 сынып оқушылары арасында "Отбасы ошақ қасы" сурет салу байқауы өтті. Оқушылар өздері салған суреттерінде өз отбасындағы жылулық пен мейірімді, салт, дәстүр мен отбасы құндылықтарын көрсетті. Салынған суреттер сараланып, оқушылар марапатталды.

<https://www.instagram.com/p/CxIk1VPIdTA/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

*Отбасы күніне арналған 2-11 сыныптарда сынып сағаттары өткізілді.

<https://www.instagram.com/p/CxDn8FUoIOe/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

*14.09 күні мектебімізде отбасы күніне орай 5-6 сынып оқушылары және ата-аналарының қатысуымен "Әкем, анам және мен" отбасылық жарысы өтті. Жарыс соңында жүлделі орындармен марапатталды.

<https://www.instagram.com/p/CxMnYw3oKze/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

*Мектебімізде "Ішкі саясат бөлімінің" мамандары Әбіл Ә, Сағындық Ж, Болатбек К ұйымдастыруымен 9-11 сынып оқушыларына "Жастардың діни сауаттылығы интернеттің қауіптілігі" тақырыбында кездесу өткізілді.

Мақсаты: Жастар арасында теріс діни ағымның қауіптілігін түсіндіру

<https://www.instagram.com/p/CxVEvTRI8IQ/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

*18.09 күні барлық сыныптарда "Жолда жүру ережелері" тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

Мақсаты: оқушыларға жолда жүру ережесін үйрете отырып, алған білімдерін пысықтау.

<https://www.instagram.com/p/CxVvYE0oAbk/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

*4 сынып оқушыларына Жасөспірімдер ісі жөніндегі мектеп инспекторы Бөріғұл Жақсылық Жазибекұлының қатысуымен "Жолда жүру ережелері" тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Сынып жетекшілері: Айтбаева Н, Ынтықбаева Б

https://www.instagram.com/p/CxVwaa_ouHq/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==

*19.09 күні Қарағанды облысының білім басқармасының бастығы Қожахметова Гүлсім Шабдановна мен Ақтоғай аудандық білім бөлімінің басшысы Қуанышбаев Айдос Қаригулович 2023-2024 оқу жылындағы мектептің жөндеу жұмыстарын қарап, жіті тексерді. Мектеп директоры Амралина Құралай Айткеновна мектептің стратегиялық мақсатымен және жоспарымен, жүріп жатқан ағымдағы жұмыстармен таныстырды. Асхана, спорт зал, АКТ зал, оқу кабинеттерінің оқу барысындағы жай-күйін көріп, 2-ші және 3-ші қабаттағы жүргізіліп жатқан жөндеу жұмыстарын зерделеді

<https://www.instagram.com/p/CxXtxM8q6KM/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

*Мектебімізде ұлдар жиналысы өткізілді.

Қатысқандар мектеп директорының ТЖО А.С.Ахметжанова, мектеп психологы

А.А.Бражанова, жасөспірімдер ісі жөніндегі УПИ полиция аға лейтенанты Ж.Ж.Бөріғұл

және мектептің ұлдар кеңесінің жетекшісі Е.Е.Амангелді, тәлімгер А.А.Мұқашбек және 5-11 сынып ер балалары.

Күн тәртібінде: Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, сабаққа қатысуы, отбасындағы ұл бала тәрбиесінің ерекшеліктері, қоғамдық орында ұл бала өзін-өзі ұстауы және оқушылардың қауіпсіздігі туралы, буллинг, кибербуллинг, электронды темекі жайында, интернет желісіндегі алаяқтық туралы мәселелер қозғалды. Әр сыныптан ұлдар жетекшісі тағайындалды.

<https://www.instagram.com/p/CxZb2H1Iec7/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

* Мектебіміздің қыздарға арналған "Сырғалым" клубының қыздар жиналысы өткізілді. Қатысқандар мектептің қыздар кеңесінің жетекшісі Б.Ынтықбаева, мектеп психологы А.А.Бражанова және 5-11 сынып қыз балалары.

Күн тәртібінде: қыз бала тәрбиесінің ерекшеліктері, қоғамдық орында іс-қимыл, жүріс-тұрыс дағдысы, сымбаты туралы, өз бойларын, ойын дөрекіліктен сақтандыру, қыз баланың гигиеналық тазалықты дұрыс және күнделікті сақтауы туралы, буллинг, кибербуллинг, интернет желісіндегі алаяқтық туралы мәселелер қозғалды.

<https://www.instagram.com/p/CxaXAM5oV5B/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

*20-шы қыркүйек күні 11 сынып оқушыларынан "Мамандық таңдау факторлары" тақырыбында сауалнама алынды.

Мақсаты: мамандық таңдауда жауапкершілікті қалыптастыру, оқушыларға мамандықтың түрлері, олардың адам өміріндегі маңызы туралы түсінік бере отырып, өз бейіміне сәйкес мамандық таңдай білуіне ықпал жасау, кәсіби бағдар беру, мамандық әлемінен ақпараттар алу, қазіргі заманның тапшы мамандықтарын көрсетіп, сол бағытқа қарай бағыттау.

<https://www.instagram.com/p/CxcCWINId1R/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

*Қыркүйектің 20 күні 9 сынып оқушыларынан болашақта қандай мамандық иесі болатындықтарын және қабілеттерін анықтау мақсатында «Қандай кәсіпті таңдайсың?» тақырыбында сауалнама алынды. Сауалнамаға 30 оқушы қатысты. Қорытындысында: Заңгер мамандығын -2 оқушы, өрт сөндіруші қызметін-4, әскери қызметкер - 7, дәрігер-5, мұғалім-5, геолог-1, инженер-2, есепші-1, автомеханик мамандығын -1 оқушы таңдаған

<https://www.instagram.com/p/CxcFH6zISSh/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

*22 қыркүйек күні 5-6 сынып оқушылары арасында шағын футболдан "Мектеп лигасы" бойынша аудандық кезеңі өткізілді.

"Күләш Байсейітова атындағы тірек мектебі (РО)" КММ командасы жүлделі ІІ орынға ие болды.

Жаттықтырушылары Нұржанов Марат Манарбекұлын және Амангелді Ержан Есентайұлы

<https://www.instagram.com/p/CximUWkoq-A/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

*2023 жылдың 22 қыркүйек күні мектебімізде мектеп ұйымына Президент сайлауы өтті. Сайлауға 5-11 сынып оқушылары, педагогикалық ұжым қатысты. Сайлау басталу алдында әрбір үміткер өмірбаяндарын жария етіп, бағдарламаларын шығарып, өзінің болашаққа деген көзқарасын білдірді. Мектеп президентін сайлау жобасы болашақ сайлаушылардың құқықтық мәдениетін арттыру мақсатында оқушыларға сайлау қызметінің практикалық бағдарланған білімді, машықтар мен тәжірибені беру үшін жағдайлар жасауға бағытталды.

<https://www.instagram.com/reel/CxkOBGaI6kn/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

*Сайлау қорытындысы бойынша барлығы 219 сайлаушы дауыс беріп, 5 дауыс жарамсыз болып табылды. Нәтижесінде

Зияда Келбет 98 дауыс,

Сейфулла Бактияр 96 дауыс,

Талғатқызы Жібек 11 дауыс,

Іңкәрбек Аида 9 дауыс жинады.

Аға тәлімгер: Мұқашбек Алтынай Амангелдіқызы

Ұйымдастырушы педагог: Доскеева Айшуақ Сағындыққызы

https://www.instagram.com/p/CxkZEU-I_jy/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==

*29 қыркүйек күні мектебімізде мектеп Президентін ұлықтау және өзін-өзі басқару ұйымының маңызды фракцияларын ұлықтау рәсімі болып өтті. Мектеп директоры Құралай Айткенқызы жаңа президент Зияда Келбетті жаңа лауазымға тағайындалуымен құттықтап, оған толағай табыстар тіледі. Өз кезегінде, Келбет оқушылар мен ұстаздар алдында салтанатты ант қабылдап, мектеп оқушылары мен ұстаздарының өзіне артқан жоғары сеніміне алғысын білдірді. Сонымен қатар мектеп президентін ұлықтау рәсімі кезде, 8 фракция жетекшілеріде ант қабылдап, төсбелгілері тағылды. Өзін-өзі басқару ұйымына алдағы жұмыстарына сәттілік тілейміз!

Аға тәлімгер: Мұқашбек Алтынай Амангелдіқызы.

<https://www.instagram.com/reel/Cx0KuGCI7a7/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

*Еңбек күніне орай 25 қыркүйек күні барлық сыныптарда Адал еңбекті бағалау. Оқушылардың еңбек туралы түсініктерін кеңейту мақсатында сынып сағаттары өтті.

<https://www.instagram.com/p/CxpchhsIolY/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

*26 қыркүйек мектебімізде Еңбек күніне орай ұйымдастырылған «Табысты түлек» атты мектеп түлектерімен кездесу өтті. Кездесудің мақсаты: Мектепті бітірген түлектер әр саланың мамандық иелері ретінде жеткен жетістіктері жайлы, оларды оқытқан ұстаздары туралы, мектебіміздің жасөспірім оқушыларымен пікірлесіп, сұхбаттасу, болашақта мамандық таңдауға жол сілтеу, себепкер болу;

Мектеп түлектері аяулы мектептеріне келіп өздерінің жоғарғы оқу орындары туралы, еңбек жолдарындағы қызықты сәттерімен бөлісіп, оқушылардың сұрақтарына жауап берді. Кездесу соңында мектепті аралап естелік суреттерге түсіп, алтын ұя мектептеріне деген сағыныштарын басып қайтты.

Кәсіби бағдар маманы: Ынтықбаева Бақыт Бүркітбайқызы

Аға тәлімгер: Мұқашбек Алтынай Амангелдіқызы

<https://www.instagram.com/p/CxqMYG6owPd/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

* Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының 2023-2024 оқу жылына арналған жоспарына сәйкес 26 қыркүйек күні Zoom платформасында "Ауыл шаруашылығына қадам" кәсіби бейіндік агросынып жобасының тиімділігін арттыру тақырыбында облыстық қалыптастырушы семинары өтті.

Осы семинарда мектеп директоры К.А.Амралина "Агросынып-келешек мамандарды дайындаудағы кешенді жоба" тақырыбында мектебімізде жүргізіліп жатқан жұмыстар бойынша тәжірибесімен бөлісті.

<https://www.instagram.com/p/CxqYVvuIkwf/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

*26 қыркүйек күні Ақтоғай ауданы әкімі Р.А.Кенжебеков пен Ақтоғай аудандық білім бөлімінің басшысы А.К.Қуанышбаев мектептің қысқы жылу маусымына дайындығын көріп, жөндеу жұмыстарына зерделеу жүргізді. Мектептің тыныс-тіршілігімен танысып, оқушылармен сұхбаттасты.

<https://www.instagram.com/p/CxqdiXIoHYu/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

*Еңбек күні — бұл адамдарды жаңа еңбек шырдарын бағындыруға ынталандыруға, қолдауға және шабыттандыруға арналған мереке. Мұндай мереке әр елде аталып өтеді. Қазақстанда Еңбек күні қыркүйектің соңғы жексенбісінде аталып өтеді. Осы мереке күні "Күләш Байсейітова атындағы тірек мектебі (ресурстық орталық)" КММ 5-11 сынып оқушылары "Еңбек бәрін жеңбек" тақырыбында ел үшін аянбай еңбек етіп жүрген ел

азаматтарының адал еңбегін сөзге тиек ете отырып шығарма жазды.

Шығарма жұмысында ерекше ой орамдарымен, тіл байлықтарын көрсете білген оқушылар марапатталды.

<https://www.instagram.com/p/CxsWtzTor6r/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

*Еңбек күні қарсаңында, еңбек династиясы бойынша білім жолында жүрген педагогтар отбасы мүшелерімен "Бүтін бір әулет-білім институты" тақырыбында іс-шара өтті.

Мақсаты: Еңбек адамдарын құрметтеу және жасөспірімдердің мамандыққа деген қызығушылығын ояту.

<https://www.instagram.com/reel/Cxu06mBoa7v/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

*27 қыркүйек күні мектебімізде жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді.

Күн тәртібінде:

1. 2023-2024 оқу жылындағы ерекшеліктері. Мектеп формасы бойынша (МДТЖО А.Ахметжанова)
2. Құқықбұзушылықтың алдын алу туралы (Мектеп инспекторы Ж.Ж.Бөріғұл)
3. Нашақорлықтың алдын алу туралы (Полиция капитаны А.Амандық)
4. Ерте жүктіліктің алдын алу (Аудандық аурухана дәрігері Салауатты өмір салтын ұстану жұмыстарының маманы Д.С.Битанова)
5. Буллинг, кибербуллинг туралы (Мектеп психологы А.А.Бражанова) түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

<https://www.instagram.com/p/CxssAMFI0p-/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

*«Күләш Байсейітова атындағы тірек мектебінің (ресурстық орталық)» шығармашылық топ құрылып, шағын жинақ магниттік мектептер: Сәтибек Ибраев атындағы негізгі мектеп, Жақып Ақбай атындағы негізгі мектеп, Нүркен Әбдіров атындағы және Жабас Кеңесбаев атындағы ЖББО мектептерге барып қайтты.

Мақсаты: Искерлік байланысты нығайту, өзара тәжірибе алмасу.

Жұмыс барысында мектеп директоры Амралина К.А, директорының РО жұмыстары жөніндегі орынбасары Сатмағанбетова Ж.А. биылғы жылғы жоспармен, қойылатын талаптар мен басты ережелерді таныстырып өтті.

Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Ахметжанова А.С., педагог-профориентатор Ынтықбаева Б.Б магниттік мектептерден проблемалық сұрақтары бойынша және мамандыққа байланысты тест алды.

Магниттік мектеп әкімшілігі арасында өзара пікір алмасу да жүзеге асты. Жетекші мектептің ұйымдастыру кезеңінде серіктес мектептер жөнінде ақпарат жинау, серіктес мектептердің мықты, әлсіз жақтарын анықтау, мүмкіндік пен қауіпті анықтау жұмыстары жүргізілді. Мектептерден сандық, сапалық деректер жиналды және басымдықтары анықталды.

<https://www.instagram.com/p/CxxBkGBoakS/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

*1 сынып оқушыларының мектепке даярлығын, психологиялық дайындығын тексеру; қолдың нәзік моторикалық қимылының жетілуі мен көздің көру жанарын бағыттауы, кеңістікті бағдарлау және баланың ерікті зейінінің даму деңгейін анықтау . Оқушыларға бейімделу кезеңінде психологиялық көмек жасау мақсатында 1 сынып оқушыларының мектепке бейімдеу, түзету-дамыту жұмыстары.

<https://www.instagram.com/p/CxxOxYWomPJ/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

*«Ауыл аманаты – ел аманаты» атты экспедиция мүшелері ұстаздармен кездесу өткізді. Экспедиция басшысы, қоғам қайраткері «Qazaqstan dauiri» газеті директоры Сәуле Мешітбаева, «Аманат» партиясы филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков ҚР президенті Қ.Тоқаевтың "Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары" жолдауын насихаттап,

жастардың бойында ұлттық құндылықтарды сіңіріп, ауыл мектебінің қазіргі жай-жағдайымен танысып, Мемлекеттердегі біртұтас тәрбиенің жаңғыруы жөнінде мәлімдеме жасады.

Мектеп директоры К.А.Амралина мектептің тыныс-тіршілігімен таныстырды.

<https://www.instagram.com/p/CxxhtnMITZV/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

* Мектеп оқушыларының өмірінде 5-сыныпқа бейімделу кезеңі өте өзекті. Оқушылар орта буынға өтеді. Орта мектепте оқыту түбегейлі өзгеріске ұшырайды: балалар негізгі мұғалімнен сынып жетекші немесе таныс емес пән мұғалімдері жүйесіне, жиі кабинеттік жүйеге, жаңа пәндерге, қосымша жүктемелерге ауысады. Алайда барлығына үйрену керек! Осының барлығы оқушыдан өзін-өзі басқаруды, көңіл бөлуді талап етеді. 5-сынып оқушыларына психологиялық қолдауды талап етеді, себебі ол балалық пен жасөспірім кезеңінің қажетті көпірі. Сондықтан бағдарлама бойынша құрылған психология сабақтары жеке тұлғаның жаңа ортада, «үлкендер ортасында» дамуы және орта буындағы тәртіп ережесіне жеңіл қалыптасуына бағыттайды.

Педагог-психолог : Бражанова Акмарал Алижановна

<https://www.instagram.com/p/CxzX7BZIWYx/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

*28 қыркүйек күні мектептегі тамақтану сапасының мониторингі жөніндегі бракеражды комиссия тамақ өнімдерінің сапасын, сақталуын, берілген тағамның балалардың физиологиялық қажеттіліктеріне сәйкестігін, ас блогының санитариялық жай- күйіне бақылау жасады. Бақылау нәтижелері актіде көрсетілді.

<https://www.instagram.com/p/Cx0bOiTleZv/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

*Бала тәрбиесіндегі ата-ана атты ата-аналар жиналысы.

7сынып жетекшісі: Сатмаганбетова Ж.А

Мақсаты: Қазіргі кездегі баланың дамуына, жеке тұлға болып қалыптасуына ата-ана тәрбиесінің әдіс-тәсілдерін жетілдіре отырып, қарым-қатынас орнату.

Міндеттері: Ата-аналардың мектеппен, мұғаліммен тығыз байланысын арттыру, балаларын білімге, мейірімділікке, ұстамдылыққа тәрбиелеудің жолдарын көрсету.

<https://www.instagram.com/reel/Cx5V40nIqdT/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

*6«б», 8«б» сынып ата-аналар жиналысы.

Мақсаты: Бала тәрбиесі дамуындағы басты рөл атқарушы - отбасы. Сондықтан ата - ананың бала көңілін таба білуіне ой қозғау, өзін-өзі тануына бағыт беру, тәрбие жайлы пікір бөлісу. Ата-аналарға балаға рухани тәрбие берудегі отбасының рөлі жайлы түсіндіру.

Міндеті: ата-аналарды өздерінің балаларының жан-дүниесін түсінуге шақыру.

Сынып жетекшілері: Шакирбаева Н.Т, Мухамеджанова З

<https://www.instagram.com/p/Cx5kR9bIuKJ/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

*2 «а» сынып жетекшісі Саятбек Г. – ата-аналар жиналысы

<https://www.instagram.com/reel/Cx8j1gdIcjd/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

*4 «б» с/ж БИҒТЫҚБАЕВА Б. 6 «а» с/ж АХМЕТЖАНОВА А.С., 9 «а» с/ж РАЙЫМБЕКОВА М.Ж. ата-аналар жиналысы

<https://www.instagram.com/p/Cx9gF1joCYY/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

* 0 «а» даярлық тобы Мұхтарова Г. 3 «а» с/ж Бегетаева Ә., 5 «а» с/ж Қарибаева А. 10 «а» с/ж Сарсенбекова – ата-аналар жиналысы

https://www.instagram.com/p/Cx_Yxa2IIINm/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==

*1 қазан - Халықаралық қарттар күні қарсаңында мектеп ұжымы және өзін-өзі басқару ұйымы ардагер қарттарды құттықтап, сыйлық табыстады.

"Қарты бар үйдің-қазынасы бар",-демекші қазыналы қарттар күні құтты болсын!
Шанырақтарыңызға шаттық пен береке тілейміз!

<https://www.instagram.com/p/Cx5lpRgIOh7/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

*2 қазан күні мектебімізде барлық сыныптарда "Қазыналы қарттар, ұлағатты ұстаздар" күніне арналған сынып сағаттары өтті.

Үлкенге құрмет кішіге ізет көрсету.Аталардан қалған ұлағатты ғибрат аларлық сөздерді балаларға ұғындыру. Сол сөздерден өнеге алуға баулу мақсатында «Қарттарым асыл қазынам.»

Ұстаз еңбегін әрқашан бағалай білуге үйрену, оқушылардың бойына дамыту әрі дарыту мақсатында «Ұстаздық ұлы қызмет.»

<https://www.instagram.com/p/Cx7CaNWorXE/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

*Ұстаздар күні құтты болсын! Посткаст жарияланды

<https://www.instagram.com/p/CyAEVxxIRod/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

*Ұстаздар күніне арналған өзін-өзі басқару ұйымының мерекелік іс-шарасы ұйымдастырылды.

<https://www.instagram.com/reel/CyBCthloPOi/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

*05 қазан 2023жылы өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру мақсатында «Дублер күні» өткізілді.

<https://www.instagram.com/p/CyBFnowIJ7Z/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

* «Ұстазым менің ұстазым» челленджі ұйымдастырылды.

<https://www.instagram.com/reel/CyDKvphIZjq/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

*7 сынып оқушыларының Ұстаздарды құттықтауы сынып жетекшісі Сатмағанбетова Ж.А.

<https://www.instagram.com/reel/CyVdWaooj6P/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

*5 «а» сынып оқушыларының Ұстаздарды құттықтауы Сынып жетекші Қарибаева А.Т.

<https://www.instagram.com/p/Cyhlaomocow/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

*Электрлі самокатпен жүру нұсқаулығы жарияланды

https://www.instagram.com/reel/CyNztK_oQCj/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==

*Дінтану пәні мұғалімдері мен педагог ұйымдастырушы ұйымдастыруымен суфизм поэзиясының негізін қалаушы, барлық Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама "Қожа Ахмет Яссауидің туғанына 930 жыл " орай 9 сыныптарға ақпараттық сағат өткізілді.

<https://www.instagram.com/p/CyQSQg5IfDn/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

*Ұлттық мектеп лигасы" аясында 7-11 сынып оқушылары арасында бес тас, асық атудан аудандық жарыс өткізілді.

"Күләш Байсейітова атындағы тірек мектебі (ресурстық орталық)" КММ командасы бес асық атудан жүлделі ІІІ орынға ие болды.

Жаттықтырушысы Амангелді Ержан Есентайұлы

<https://www.instagram.com/p/CydJGoOo7y6/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

*Ж.Шайдаров атындағы орталық саябақта 19-қазан Құтқарушылар күнінің кәсіби мерекесі қарсаңында Ақтоғай ауданы ТЖ бөлімі және №18 ӨСБ-нің арнайы техникалары мен жабдықтарының көрмесі өтті. Мектеп оқушыларына Төтенше жағдай орын алған кезде құтқарушылар қолданатын жабдықтар мен құралдар және арнайы техникалар көрсетіліп, әр жабдық бойынша түсініктеме берілді. Көрме барысында оқушылар қызықты сұрақтар қойып, құралдар мен жабдықтардың қандай мақсатта және құралдармен қалай пайдаланатындығы туралы мағұлматтар алды. Арнайы көліктерге мініп құтқарушылардың арнайы киімдерін киіп көрді.

<https://www.instagram.com/p/Cyh5ya2Irq8/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

*Орталықтың ресми сайты – BMSO.EDU.KZ

Ал білім беру ұйымдарына пайдалануға ұсынылған барлық оқулықтың PDF нұсқасы тек ҚР Оқу-ағарту министрлігінің ресми сайтында жарияланған. Яғни қолданыстағы барлық 1-11 сынып оқулықтарын аталған ресми сайттан тегін жүктеп алуға болатынын хабардар етілді

<https://www.instagram.com/p/CyirjOmqugp/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

*20 қазан күні "Күләш Байсейітова атындағы тірек мектебі (ресурстық орталық)" КММ «Құндылықтарға негізделген білім беру моделін оқу-тәрбие үрдісінде қолдану» тақырыбындағы облыстық семинар өтті.

Семинарға қатысушылар: техника ғылымдарының кандидаты, профессор, Қарағанды облысында ББД ОӘО әдіскері С.С. Қонтаев, Г. А. Төлеубаева ББД ОӘО әдіскері, Қарқаралы, Нұра, Шет, Бұхар—Жырау, Абай, Ақтоғай аудандық білім бөлімдерінің әдістемелік кабинет меңгерушілері, әдіскерлері, Ресурстық орталықтардың және шағын жинақты мектептердің директорлары, орынбасарлары қатысты.

Мақсаты: Ресурстық орталықтың магниттік шағын жинақты мектептердің білім сапасын арттыруда тірек мектебінің жұмысын ұйымдастырудағы "Күләш Байсейітова атындағы тірек мектебінің (Ресурстық орталық)" КММ тәжірибесі. Ауыл мектептерінің білім сапасын арттыру жолдары.

Ашылу салтанатында техника ғылымдарының кандидаты, профессор, Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының әдіскері Қонтаев Сабит Сейтович «Қазақстан халық қорының» демеушілігімен ауылдық жердегі тірек мектептерінің (Ресурстық орталықтардың) әлеуетін көтеру жайында баяндама жасады. Ақтоғай ауданының білім бөлімінің басшысы Қуанышбаев Айдос Кариғулович "Ақтоғай ауданында білім сапасын арттыруға бағытталған" жұмыстардың ұйымдастырылуы жөнінде таныстырып өтті.

«Күләш Байсейітова атындағы тірек мектебі (Ресурстық орталық)» КММ директоры Амралина Куралай Айткеновна "Құндылықтарға негізделген білім беру моделін оқу-тәрбие үрдісінде қолдану" барысы жөнінде мектептің тыныс-тіршілігімен таныстырды. Семинар барысында: Келген қонақтарға мектебіміздің тыныс-тіршілігі бойынша экскурсия жүргізілді.«Әдістемелік алаңдар жұмысы» блогында Құндылықтарға негізделген білім беру моделін

оқу-тәрбие үрдісінде қолдану сабақтар

«Математикалық сауаттылықты дамыту тәсілдері»

Саттыбаева Г.Х. - математика пәні мұғалімі

«Биология сабағында функционалдық сауаттылықты жетілдіру» Дамиева А.Т. – биология пәні мұғалімі

«Сараланған тапсырмалар беруде қолданылатын білім беру платформасы

Шакирбаева Н.Т. – тарих пәні мұғалімі

Тірек мектебіндегі білім беру үдерісінің ерекшеліктері тақырыбындағы сабақтар

«Белсенді әдістер қолдану арқылы ұлттық құндылыққа негіздеу» Кәрібаева А.Т. – ағылшын тілі пәні мұғалімі

«Қазақ әдебиеті сабағында құндылыққа негізделген білім беру ерекшелігі» Ермекова П.А. – қазақ тілі, әдебиеті пәні мұғалімі

Бастауыш сыныпта жаратылыстану пәні сабағында салауатты өмір салты құндылығының негіздері» Жарылғап Н.А. - бастауыш сынып мұғалімі

«Әдебиеттік оқу сабағында ұлттық құндылықтар негізінде оқыту тәсілдері» Бегетаева А.Т.

- бастауыш сынып мұғалімі
«Білім алушылардың оқу танымдық іс-әрекеттерін қалыптастыру» Еденова А.Н. – бастауыш сынып мұғалімі.
«Ойын технологиясының тиімді әдіс-тәсілдерін география сабақтарында қолдану» Жеткін Н.Х.- география пәні мұғалімі
аталған пәндерден сабақтар көрсетілсе, ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ АЛАҢДАР ЖҰМЫСЫ блогында Шығармашылық жұмыстар бойынша
«Сабақта цифрлық технологияларды қолдану»
Сатмағанбетова Ж.А.– орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі
«Физика сабағында қолданылатын «Виртуалдық шындық» зертханасы
Үмітбек Ж.Т.- физика пәні мұғалімі
STEAM жоба «Робототехника»
Егимбаев У.К.– информатика пәні мұғалімі
«КБМ» TV-студиясы
Қабыхан А.Д.– информатика пәні мұғалімі
«Ұлттық нақыштағы жинақтауыштар әзірлеу»
Бектурганова С.У.- көркем еңбек пәні мұғалімі
STEAM жоба «3 D моделдеу»
Шарипова А.А.- информатика пәні мұғалімі
«Лазерлік станокпен кәде-сый әзірлеу»
Әбен С.Е.– көркем еңбек пәні мұғалімі шеберлік-сабақтары өтті.
Сонымен қатар «Агросынып» зертханасы аясында оқушылардың оқу-зерттеу және жобалау қызметінен
«Құстар туралы мақал -мәтелдер»,
«Талқан - ұлттық болмыстың көрінісі»,
«Менің туған жерімдегі дәрілік өсімдіктер»,
«Үй жағдайында сабын жасау», «Сүт өнімдерінің адам ағзасына пайдасы»,
«Ақбидай - дала патшайымы», «Агросынып» жобасы аясында көгершінді өсіру»,
«Математика және тоқыма технологиясы», «Ақтоғай - туризм өлкесі»,«Менің арманымдағы моншақтар әлемі», «Үй қояндарының түрлері мен пайдасы»,
«Ши тоқу технологиясы»,
«Түйе мен бие сүтінің жалпы ақуызы мен лактозасын салыстырмалы анықтау»,
«Шебер қолдар» тақырыптарында
"Этонауыл" көрме-жәрмеңкесі ұйымдастырылды.Сонымен қатар "Ауыл мектептерінде білім сапасын жақсартудың тиімді жолдары" тақырыбында ББД ОӘО әдіскері Толеубаева Г.А. ұйымдастыруымен дөңгелек үстел жұмысы өтті.
Қорытынды бөлімінде "Шығармашылық калейдоскоп" өткізілді.
<https://www.instagram.com/p/Cyp4GgMop8U/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>
*"Әсемдік әлемі" эстетикалық сауаттылық апталығы аясында облыстық семинарда қолөнер көрмесі ұйымдастырылды.
<https://www.instagram.com/p/Cyq8eoyoHE3/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>
*«Мен Отанның бақытты ұланымын» оқушылар челленджі ұйымдастырылды.
<https://www.instagram.com/reel/CyvB5nypthY/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>
*Республика күні қарсаңындажәне Тоғыз айға тоғыз шара барысында мектебіміздің оқушылары мен ұстаздары Мемлекеттік Әнұранды жанды дауыста орындады.
<https://www.instagram.com/reel/CyvrMzroB9i/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

*Оқушыларға Қазақстан Республикасының мерекесінің маңыздылығын түсіндіріп, отаншылдық, құрмет, сүйіспеншілік құндылықтарын дарыту мақсатында 25 қазан - Республика күні қарсаңында барлық сыныптарда сынып сағаттары өтті.

<https://www.instagram.com/reel/CywhtDRI9xc/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

*24 қазан күні, 25 қазан —Республика күніне орай «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының қатарына қабылдау салтанатты рәсімі өтті.

Мақсаты: оқушыларға еңсесі биік егемен еліміздің айбынды да азат ұрпақтары екендігін терең ұғындыру. Патриоттық, Отансүйгіштік сезімін дамыта отырып, ел бейбітшілігін сақтау жолында үлес қосуға баулу. «Жас Ұлан» ұйымының қатарына мектеп оқушыларын қабылдау.

Салтанатты жиынға мектеп директоры Амралина Құралай Айткенқызы, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Айтбаева Нұргүл Жайлауқызы, Ахметжанова Айсұлу Сәкітайқызы

АӘД пәні мұғалімі Омашов Ғабит Шофёрұлы тәлімгерлер, ұйымдастырушы педагог, сынып жетекшілер, «Жас Ұлан» ұйымының белсенді мүшелері, «Өзін-өзі басқару ұйым»мүшелері қатысты.

Жиында мектебіміздің «Жас Қыран» ұйымына 2 сынып оқушыларынан 36 оқушы қабылданды. 5 сыныптан «Жас Ұлан» ұйымына 36 оқушы қабылданды.

Оқушылар ант қабылдап, оларға мектеп директорының оқу, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, сынып жетекшілер, мектеп тәлімгерлері «Жас Ұлан» ұйымының белсенділері, «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының мүшелері галстук пен төс белгі тақты. Іс —шара соңында « Жас Ұлан» ұйымы

<https://www.instagram.com/reel/Cy3ntKvIQ0O/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

<https://www.instagram.com/p/Cy3vMu7owVF/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

*Мектебіміздің даярлық тобының оқушысы Амангелді Асылжан Думанқызы Республика күніне орай "Менің елім - Қазақстаным" атты облыстық патриоттық қашықтан өткізілген байқауға қатысып, жүлделі 3 орын иегері атанды. Жетекшісі: Мухтарова Гульзат Мейрамқызы

<https://www.instagram.com/p/CyyIuicorls/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

*5-6 сыныптар арасында мектеп психологы Бражанова А. ұйымдастыруымен «Біз нашакорлыққа қарсымыз» тақырыбында тренинг өтті.

<https://www.instagram.com/p/CyyLAbWIP75/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

*Әлеуметтік педагог Кәрібаева А.Т. мектеп оқушыларын мектептің ішкі тәртіп ережесімен таныстырды

<https://www.instagram.com/p/Cy3RhVTopiE/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

*4 б сынып оқушылары арасында Буллинг, Кибербуллингтің алдын алу жұмыстары жүргізілді. <https://www.instagram.com/p/Cy6bSEcoQCp/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

*27 қазан күні 8-11 сынып оқушылар арасында Қарағанды облысының прокуратурасы есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды іске асыру шеңберінде аудандық прокуратура органы жастар арасында синтетикалық есірткілердің зияны мен нашакорлықтың салдарын түсіндіру бойынша жұмыс жүргізді.

Мақсаты - есірткі заттары мен синтетикалық психикалық белсенді заттардың заңсыз айналымына қарсы күресті жандандыру.

Түсіндірме жұмыс жүргізген: Ақтоғай ауданы прокуратурасының прокуроры Кәрімов Дәурен Еркінұлы, мектеп инспекторы Бөріғұл Жақсылық Жазибекұлы және жиналысқа МДТЖО Ахметжанова А. Айтбаева А. мектеп психологы Бражанова, мед биби

Мұхамеджанова Ш, Тәлімгерлер Мұқашбек А. Мұхтарова Г. Қатысты. Оқушылар тарапынан сұрақтар қойылып жауаптар алынды.

<https://www.instagram.com/p/Cy6ejbIyLc/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

II тоқсандағы іс шаралар бойынша :

Күзгі демалыс шарасы бойынша:

* 1 қараша күні күзгі демалыс барысында оқушылар арасында "Тоғызқұмалақ" ойынынан жарыс ұйымдастырылды.

4-6 сынып оқушылары арасында

I орын Айтыкен Ханшайым

II орын Райхан Санжар

III орын Шаймұрат Ерсұлтан

8 сынып оқушылары арасында

I орын Қайрат Сұлтан

II орын Нұрмағанбетов Дінмұхамед

III орын Айтыкен Салауат иеленді.

<https://www.instagram.com/p/CzGx5shoooh/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

*2023 жылғы 2-3 қараша күндері Астана қаласында "Назарбаев Зияткерлік мектептері" дербес білім беру ұйымының "Ауыл мектебінің өркендеуі-қоғам игілігінің кепілі атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті. Бұл шара ауылдық мектептердегі білім беру сапасын арттыруға және әрбір оқушының әл-ауқатын қамтамасыз етуге байланысты мәселелерді бірлесіп талқылап, шешуге бағытталған.

Конференцияға мектеп директоры Амралина Қ.А., мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Балқыбекова А.М., Кәсіби бағдар оқытушысы Ынтықбаева Б.Б. Мектеп директорының ақпараттық орынбасары Қабыхан А. барып қатысып қайтты.

<https://www.instagram.com/p/CzOjsBto4pk/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

*Күзгі демалыс кезінде 5 сынып оқушыларына "Бар білім кітапта" атты аудандық кітапханаға саяхат ұйымдастырылды.

<https://www.instagram.com/p/CzGUx4LI4XK/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

*Күзгі демалыс кезінде 11 сынып оқушыларына "Ұлттық бірыңғай тестілеуге" дайындық жұмыстары жүргізілді.

https://www.instagram.com/p/CzJfBI5IMk_/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==

*2.11 күні 6 сынып оқушыларына "Бар білім кітапта" атты аудандық кітапханаға саяхат ұйымдастырылды.

<https://www.instagram.com/p/CzJgauDILde/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

*Математика пәнінен 6 Б сынып оқушыларына "Алтын сақа" олимпиадасына дайындық жұмысы.

Пән мұғалімі Мұхамеджанова З

<https://www.instagram.com/p/CzGWU0ZlVjb/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

*“Оқуға құштар мектеп” жобасы аясында “Күзде біз жалықпаймыз, кітап оқимыз” атты іс-шарасы аясында "Қарлығаш пен дәуіт" ертегісіне буктрейлер жасап желіге жарияланды Орындаған: 4 “б” сынып оқушысы Қабдолла Ұлпан

<https://www.instagram.com/p/CzGx5shoooh/?igshid=MzRIODBiNWF1ZA==>

*Оқуға құштар мектеп” жобасы аясында “Күзде біз жалықпаймыз, кітап оқимыз” атты іс-шарасы аясында 5 а сынып оқушысы Рахымберлі Аружан Б.Момышұлы "Ұшқан ұя" шығармасына бейнежазба ұсынды

<https://www.instagram.com/reel/CzL8pNII8Z9/?igshid=MzRIODBiNWF1ZA==>

*“Оқуға құштар мектеп” жобасы аясында “Күзде біз жалықпаймыз, кітап оқимыз” атты іс-шарасы аясында шығармалардан үзінділерді 2 “А”, 3 «А» сынып оқушылары жариялады.

<https://www.instagram.com/reel/CzL9c-loCgK/?igshid=MzRIODBiNWF1ZA==>

*Оқуға құштар мектеп” жобасы аясында “Күзде біз жалықпаймыз, кітап оқимыз” атты іс-шарасы аясында 3 а сынып оқушысы Қуаныш Темірлан мен Рымтай Айнұрдың бейнежазбасы әлеуметтік желіде жарияланды

https://www.instagram.com/p/CzQ_nguILW3/?igshid=MzRIODBiNWF1ZA==

*Тәрбиеленушілердің күзгі демалыс кезінде қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мектепалды даярлық сыныптарында" Өмір қауіпсіздігі мен денсаулық сақтау" тақырыбында нұсқаулық берілді.

<https://www.instagram.com/p/CzOhJB9of2b/?igshid=MzRIODBiNWF1ZA==>

*Күзгі демалыс кезінде Оқушыларға "Өмір қауіпсіздігі мен денсаулықты сақтау" туралы нұсқаулықпен 5 сынып жетекшісі А.Т.Кәрібаева таныстырып өтті.

https://www.instagram.com/p/CzL_Xw9Iu2W/?igshid=MzRIODBiNWF1ZA==

*Әлеуметтік желілерде жүгір немесе өлесің сияқты жасөспірім балалардың бейнежазбалар таратылуына байланысты және жол қозғалыс оқиғалар кезінде жасөспірім балалардың көптеп кездесуі туралы баяндалған Аудандық ішкі істер бөлімі тарапынан жіберілген бейнеролик әлеуметтік парақшамызда жарияланды

<https://www.instagram.com/reel/CzJS8tboELI/?igshid=MzRIODBiNWF1ZA==>

*Оқушылардың темперамент типін анықтау мақсатында 5 «а», «б», сыныптарында мектеп психологы Бражанова А.А. сауалнама жүргізді. Сауалнамаға 37 бала қатысты.

Қорытындысы бойынша 5 «а» сыныбында холерик 22%, сангвиник 22% , флегматик 56%, меланхолик 0

5 «б» сыныбында холерик 10%, сангвиник 53% , флегматик 37%, меланхолик 0 анықталды.

<https://www.instagram.com/p/CzJWIPqoALN/?igshid=MzRIODBiNWF1ZA==>

*Қарағанды қаласында "Roboland-2023" VIII робототехника, бағдарламалау және инновациялық технологиялар фестивалі өтті.

Фестиваль шығармашылық белсенділікті дамытуға, оқушыларда инженерлік

дағдыларды қалыптастыруға, мықты командаларды анықтауға мүмкіндік береді.

Фестивальдің ақтық жарыстарында Қазақстан, Ресей, Грузия сондай-ақ Өзбекстан мен Қырғызстан елдерінің түкпір-түкпірінен келген командалар қатысты.

Фестивальдің екінші күнгі нәтижесінде "Robogeometry" Level 1 санаты бойынша "Күләш Байсейітова атындағы тірек мектебі (РО)" КММ командасы "SMART_TEAM" жүлделі 3 орын иеленді.

Команда мүшелері: 7 сынып оқушылары Ермек Әлишер, Рәзи Ілияс және жетекшісі Егимбаев Улан Канатович

<https://www.instagram.com/p/CzO-dY1I3Be/?igshid=MzRIODBiNWF1ZA==>

*Майталман спортшы, ұстаз, жаттықтырушы Сейсепов Мұрат Қауанұлын еске алуға арналған Волейболдан 2007-2010 жылғы туған ұлдар мен қыздар арасындағы II-аудандық турнирде “Күләш Байсейітова атындағы тірек мектебі (РО)” КММ

"Қыздар командасы" жүлделі 3 орын иеленді.

🏆 Мекен Әмина "Үздік шабуылшы" атағын, Іңкәрбек Дильназ "Үздік ойыншы" атағын алды.

"Ұлдар командасы" аудандық спорт бөлімінің атынан ойнап жүлделі 1 орын иеленді.

🏆 Кәрімхан Исламбек "Үздік шабуылшы" атағын, Керімбай Арсен "Үздік ойын ұйымдастырушы" атағын алды.

Жетекшісі: Е.Е.Амангелді

* Облыстық Білім басқармасы, Жастар ресурстық орталығының, аудандық білім бөлімінің 31.10. 2023 жылғы № 1-19/1267 хаты негізінде және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және сыбайлас жемқорлыққа нөлдік төзімділікті қалыптастыру мақсатында 01.11 күні пост каст жарияланды Егер сізге пара берілсе немесе сізден пара сұралса, бұл қылмыстық құқық бұзушылық екенін ұмытпаңыз!

Пара алу №366 бапқа сәйкес параның елу еселенген сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не 5 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Егер қылмыстарды қылмыстық топ аса ірі мөлшерде жасаса-параның сексен еселенген сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, 10 жылдан 15 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

<https://www.instagram.com/p/CzT3M-gIa0X/?igshid=MzRIODBiNWF1ZA==>

*6 қараша күні барлық сыныптарда "Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ" тақырыбында (2 «а», 3 «а», 4 «б» 6 «а» «б» 8 «б» 9 «а») сыныптарында сынып сағаттары өтті.

<https://www.instagram.com/p/CzVgbSToSgu/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

Республикалық жалпы білім беретін пәндер бойынша мектепшілік олимпиада өтті.

<https://www.instagram.com/p/CzdyODcoHee/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

<https://www.instagram.com/reel/CzbQ0guoXoW/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

<https://www.instagram.com/p/CzdyODcoHee/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

*Асық ату Челлендж мақсаты - мәдени құндылықтарды сақтау және ұлттық ойындарды дәріптеу екенін түсіндіру мақсатында хабарландыру жарияланды

<https://www.instagram.com/p/Czl3bpEovIU/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

*Ұлы дала перзенті мәтінін тындап, дәйексөздер мен фразаларды талқылап, көтерілетін мәселені болжай алу Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында **"Еліміздің асыл тірегі - рәміздер", "Ұлы дала перзентімін"** тәрбие сағаты, 5а, 6б, 8б сыныптарында өтті

<https://www.instagram.com/p/CzoDCIWlhWx/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

*14 қараша күні Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының жылдық жоспарына сәйкес Zoom платформасында "Медиа білім беру және журналистика" тақырыбында **нетворкинг** өткізілді.

Іс-шара барысында "Қарағанды облысында ББД ОӘО" әдіскері Г.Б.Жаркеева базалық медиа және педагогтардың ақпараттық күзіреті туралы мәлімдеме жасап, болашақта тәжірибеге енгізілетін "Медиасынып" жобасының

таныстырылымын көрсетті. Сондай-ақ, "Күләш Байсейітова атындағы тірек мектебі (РО)" КММ директорының ақпараттандыру ісі жөніндегі

орынбасары, информатика пәні мұғалімі Қабыхан Аңсаған Дәуренбекұлы жетекшілік ететін арнайы жабдықталған "КБМ телестудиясы" жұмысымен

таныстырып, "Медиа сауаттылық-заманның басты талабы" тақырыбында баяндама жасап өтті. "КБМ телестудия" тілшісі 8 сынып оқушысы

Ш.Думанқызы телестудия жобасының жұмыс әдістемесімен, "Мектеп

радиосы" жетекшісі 10 сынып оқушысы Ә.И.Жағыпар радио жобасының жүзеге асырылуы туралы, "Актерлік шеберлік" жобасы бойынша жетекшілік

ететін қазақ тілі пәні мұғалімі П.А.Ермекова ұйымдастыруымен қойылым көрсетті. "Әйел-АНА" тақырыбында "Найман -Ана" шығармасындағы Ана

бейнесін Іңкәрбек Аида, қазақтың батыр қыздары Мәншүк пен Сабира

бейнесін сомдаған Ақмағанбетова Тоғжан, Мақсұт Диляра, Нұрлан Нұрай

"Алжир ажал мекені"қойылымы бойынша Талғатқызы Жібек, Зекен Амина,

Хамит Инабат, Сейфолла Бақтияр

Фарица Оңғарсынованың "Жетім монологі" бойынша

6 сынып оқушылары Ханшайым, Дильназ, Айару жетім бала бейнесін

актерлық шеберлікпен жеткізе білді. "Жас тілші" жобасының жетекшісі 10

сынып оқушысы К.Е.Зияда мектептің типография жұмысымен, атқарылып

жатқан мектеп жаңалықтарымен таныстырды. Әр жоба жетекшілері өз

тәжірибелерімен бөлісті. Іс-шараға 60-қа жуық облыс педагогтері қатысты.

<https://www.instagram.com/p/Czp9cL8MvU1/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

*Мектеп психологының ұйымдастыруымен Даярлық және 1 сынып оқушыларына графикалық диктант жұмысы жүргізілді.

<https://www.instagram.com/p/CzrUFwrozXb/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

*15 қараша - Кеңес одағының батыры Мәлік Ғабдуллиннің туған күніне орай, патриоттық тәрбиеге баулу арқылы, кітап оқуға шақыру мақсатында кітап бұрышы ұйымдастырылды.

<https://www.instagram.com/p/CzrVAPMI4HN/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

*15-қараша Қазақстан Республикасы Ұлттық валютамыздың айналымға кірген күніне 30 жыл толуына байланысты «Теңге - тәуелсіздік келбеті» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді және теңгенің шығу тарихы бойынша видеоролик көрсетілді.

<https://www.instagram.com/p/Czsdb5OoDhm/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

*Әлемде, жалпы елімізде болып жатқан келеңсіз оқиғалардың алдын алу және қыз балалар арасында кездесетін ерте жүктілік, оның денсаулыққа қаншалықты зиян екендігін түсіндіру мақсатында "Сырғалым" Қыздар клубының 7-11 сынып оқушыларына "Ерте жүктіліктің алдын алу" тақырыбында кезекті кездесуі өткізілді.

1. Қыз бала тәрбиесіне дұрыс көңіл бөлуде мектеп медбикесі Нығметжанова.Ш өзінің ойын ортаға сала отырып қыз-балаларға баяндамасын оқыды. 2. Психолог Бражанова.А «Ерте жүктіліктің алдын алу» бойынша психологиялық ақыл- кеңестерін айты. 3.Аға тәлімгер Мұқашбек А ақпараттық технологиялардың үрдіс ұғымы бойынша желілерді дұрыс пайдалануды,қолдануды айтып өтті.

<https://www.instagram.com/p/CzservZofiU/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

*Мектеп психологы Бражанова А.А. Кәмелетке толмағандар арасында аутодеструктивті бейәлеуметтік және тәуелділік жүріс тұрыстардың алдын алу іс- шара жоспары бойынша Аутодеструктивті мінез құлықтың (суицидке бейімділік) алдын алудағы 5-11 сынып оқушыларына арналған «Қауіпті жағдайлар. Сыпайы бас тарту» тақырыптарында психокорекциялық сабақтар өткізді.

<https://www.instagram.com/p/CztDtXtoyHG/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

*Ұлттық валюта күніне орай "Өзін-өзі басқару ұйымы" ақпарат фракциясының ұйымдастыруымен 8 сынып оқушылары арасында «Кім жүйрік» интеллектуалды сайысы өтті.

Сайыстың мақсаты:

Оқушыларды тәуелсіз еліміздің ең бірінші айрықша белгісі — теңгемен таныстыру, төл теңгеміздің шығу тарихы, айналымға ену кезі туралы мағлұматтар беру.

Оқушылардың бойына елімізге деген ыстық сүйіспеншілікті, мақтанышты сіңірту.

Елін, жерін сүйіп құрмет тұтатын жас жеткіншектерді елжандылыққа тәрбиелеу.

Өткізген: Аға тәлімгер Мұқашбек Алтынай Амангелдіқызы

Ақпарат фракция: Думанқызы Шырын

https://www.instagram.com/p/CztU_z2IWYa/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==

*Мектептің әлеуметтік педагогы А.Т.Кәрібаева оқушылармен «Мектептегі бала құқығы» тақырыбында жеке кеңес беру жұмыстарын жүргізді.

<https://www.instagram.com/p/CztWsXkIsk6/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

*17 қараша күні Республикамыздың барлық мектептерінде бір мезгілде «Ұлттық ойындар» челленджі өтті.

Челлендж мақсаты - мәдени құндылықтарды сақтау және ұлттық ойындарды дәріптеу.

<https://www.instagram.com/reel/CzvfEopohuO/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

*16 қараша күні Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен ZOOM платформасында «Жаһандық құзыреттер» курсы аясында шығармашылық зертхана өткізілді. Мектебіміздің тарих пәні және «Жаһандық құзыреттер» курсының мұғалімі М.Ж.Райымбекова «Ынтымағы жарасқан ел» тақырыбында өзінің іс-тәжірибесімен бөлісті.

<https://www.instagram.com/p/CzwbG0gIm7z/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

*17 қараша күні 5-6 сынып оқушыларына арналған «Алтын сақа» олимпиадасының аудандық кезеңі өтті.

Мектебіміздің 5 сынып оқушысы Қадыр Кәусар,

6 сынып оқушысы Сәрсенбай Аяжан облыстық кезеңге жолдама алды.

Сондай-ақ 5 сынып оқушылары Нұрлан Расул жүлделі I орын, Қанат Нұрәлі мадақтамамен марапатталды. 6 сынып оқушысы Қабдолла Айзада I орын иеленді.

Жетекшілері: З.Мухамеджанова, Ж.Үмітбек

<https://www.instagram.com/p/Czwdwc9oRne/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

*Ақтоғай аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен ZOOM платформасында «Оқырман отбасы» байқауының аудандық іріктеу кезеңі өткізілді. Қорытындысы бойынша мектебімізден қатысқан Токешевтар отбасы "Бас жүлде" иеленіп, облыстық іріктеу кезеңіне жолдама алды

https://www.instagram.com/p/CzwfN_eI5ei/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==

